



80

ЖСВЛТ



*Құрметті М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің ұжымы!*

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің атынан Сіздерді оқу орнының құрылуының 80 жылдық торқаты тойымен құттықтаймын!

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті – еліміздің білім беру жүйесіндегі ежелгі жолдары оқу орындарының бірі. Университет тарихы Қазақстан Республикасының тарихымен, мәдениетімен, білім беруісімен тығыз байланысты.

Іргетасы 1937 жылы қаланған оқу орны бүгінгі таңда тәуелсіз еліміздің маңдайалды білім беру ошағына айналды. Оқу орны Петропавл мұрағат институтынан мемлекеттік университетке айналғанға дейін Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің озық дәстүрлері мен тәжірибелерін бойына жинақтап, қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің сұранысына жауап беретін кәсіби мамандарды даярлап келеді.

Қазіргі күнде университетте 48 бакалавр, 23 магистратура және 4 PhD бағдарламалары бар. Студенттер үшін 7 ғылыми орталық, 11 ғылыми зертхана, 37 нақты-виртуалды зертхана, 38 мультимедиялық аудитория, 15 спорт үйірмесі, 3 театр, 4 музыкалық бірлестік жұмыс істейді. Университет 9 оқу ғимаратымен, спорт залмен, әлемдік стандарттағы жүзу бассейнімен, обсерваториямен, 1028 орындық студенттер үйімен жабдықталған.

Білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қазақстандық тәуелсіз агенттік рейтингі бойынша, оқу орны республиканың көппрофильді университеттерінің үздік ондығына кіреді.

Оқу орнының педагогикалық және ғылыми әлеуеті жылдан-жылға артып, профессорлық-оқытушылық құрамның сапасы нығаюда. Олар университет миссиясын қамтамасыз етіп, міндеттерді шешуге пәрменді атсалысуда.

Бүгінгі торқаты тойға орай, университет ұжымына қуанышты көңіл-күй, өмірлеріне бақ-береке, отбасыларына амандық тілеймін. Университет ұжымының білім беру ісіндегі жұмысы әрдайым табысты болсын!

Құрметпен,

Д. Серікбаев атындағы

ШҚМТУ-нің ректоры



Ж. Шаймарданов

